

Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 110 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бүйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 32894 болып тіркелді) сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Мәслихаттың 2022 жылғы 29 шілдедегі № 192 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы" шешімі жойылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының төрағасы

М. Сартов

Мәслихаттың

2023 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 110 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 39-з-бабы 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бүйрығына сәйкес өзірленді және Александров ауылдық округінің ауылдар, көшелер тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

## 2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны - ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

## 2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Александров ауылдық округі аумағы ауылдарға, көшелерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Александров ауылдық округінің әкімі ауылдар, көшелер шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізу дің үйімдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Александров ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың, көшениң қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатыскан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Александров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Александров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындың хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынна қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қостанай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынна қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Александров ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынна немесе жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Мәслихаттың

2023 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 110 шешіміне

2-қосымша

**Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынна қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№ р/р	Александров ауылдық округінің ауылдары, көшелерінің атауы	Александров ауылдық округінің ауыл көшелері тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
-------	---	--

	Александров ауылның тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:
1	Анисимовтар көшесі 2
	А. Құнанбаев көшесі 1
	Урожайная көшесі 2
	Иноземцев көшесі 2
	Комсомольская көшесі 2
	Логовая көшесі 1
	Московская көшесі 1
	Мир көшесі 2
	Набережная көшесі 1
	Октябрьская көшесі 2
	П. Морозов көшесі 1
	Первомайская көшесі 1
	Тобольский тұйық көшесі 1
	Целинная көшесі 1
	Школьная көшесі 1
	Юбилейная көшесі 1
2	Еңбек ауылның тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:
	Набережная көшесі 3
	Новая көшесі 2
	Целинная көшесі 2
	Школьная көшесі 3
3	И.Ф. Павлов атындағы ауылның тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:
	Павлов көшесі 1
	Молодежная көшесі 2
	Урожайная көшесі 1
	Школьная көшесі 1
	Целинная көшесі 1
	Юбилейная көшесі 1
4	Жуков ауылның тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:
	Набережная көшесі 1
	Молодежная көшесі 1
	Целинная көшесі 1
	Школьная көшесі 2